

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020

ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромилейл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН ЖОРА-ЖОСЫНДАР, АҢЫЗ- ӘПСАНАЛАР

Ахантаева Ә.Ж.

Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Қазақ ұлттық аграрлық университеті
E-mail: amina.68.kz@mail.ru, tel: +7775693 31 17

Аңдатпа. *Кіріспе.* Бұл мақалада қазақ халқында егіншілікке, жер өндеуге байланысты әдет-ғұрыптар мен жора-жосындар, аңыз- әпсаналар қарастырылған. Егіншілікке байланысты наным-сенімдер мен ғұрыптардың тамыры көне дәстүрлерге кететіндігі айтылады. Егіншіліктің желеп-жебеушісі және егіншілердің тұңғыш үйретушісі болып мифтік кейіпкер — қасиетті Діқан бабаға табынғандығы айтылады. Егіншілікке байланысты қырман түп, қырман түнету ат дорба, аққұла, кеусен, Сабантой, арық той, тасаттық сияқты әдет-ғұрыптар мен жора-жосындар жасалады. Мысалы құрғақшылық кезінде жауын шақыру үшін тасаттық жасайтын болған. Онда ауыл адамдар малды сойып қанын арыққа ағызып Алладан егіндеріне жаңбыр жауғызуын сұрайды. **Түйін сөздер:** тасаттық, аққұла, сабантой, Қыдыр ата, Оқшы ата, миф, әдет-ғұрыптар, аңыз-әпсаналар, қырман, түп, қырман, түнету, ат дорба

ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ

Ахантаева А.Ж.

К.и.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный аграрный университет,
г. Алматы, Казахстан,
E-mail: amina.68.kz@mail.ru, tel: +7775693 31 17

Аннотация. *Введение.* В этой статье рассмотрены обычаи, приметы и легенды казахского народа, связанные с земледелием, обработкой земли. Здесь указано, что корни примет и обычаев, связанных с земледелием, относятся к древним традициям. Меценатом и первым учителем земледелия являлся мифический герой – покровитель земледелия, к которому все поклонялись. Проводятся обряды и традиции, связанные с земледелием, такие как (дно тока) *қырман түп*, (*ночевка на току*) *қырман түнету*, *ат дорба*, *аққұла*, *кеусен*, (*Сабантуй*) *Сабантой*, *арық той*, (*жертвоприношение*) *тасаттық*. Например, во время засухи, для того, чтобы пошел дождь, проводили обряд “жертвоприношения”. Жители сельской местности испускали кровь на арык или на речку, и просили у Аллаха дождя. Чаще всего Аллах исполнял их желание, и шел дождь.

Ключевые слова: покровитель Земледелия – Діқан баба, дедушка Кыдыр, дедушка Оқшы, миф, притчи, обычаи-традиции, дно тока, ночёвка на току, ат дорба, аққұла, кеусен, Сабантуй, арық той, жертвоприношение – тасаттық.

THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDS RELATED TO AGRICULTURE

Akhantaeva A.Zh.

Associate Professor, Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: amina.68.kz@mail.ru, tel: +7775693 31 17

Abstract. Introduction. This article discusses about customs and rituals, legends related to agriculture, farming of Kazakh people. It is said that farming beliefs and practices are rooted in ancient traditions. It is said that the patron of the fields and the first trainer of the farmers worshiped the mythical character - the holy Dikan Baba. Due to farming, such as *kyrman tup*, *kyrman tunety*, *horse bag*, *akkula*, *keusen*, *Sabantoi*, *aryk toi*, *tasattyk* and etc. rituals are performed. For example, during a drought, they were "tasattyk" to cause rain. There the villagers slaughtered animals and drained their blood to the *aryk* and ask Allah to make rain on their crops. Most often, Allah accepted them and gave them rain.

Keywords: Dikan baba, Khidr, Okshy ata, myth, legends, customs, *kyrman tup*, *kyrman tunety*, *horse bag*, *akkula*, *keusen*, *Sabantoi*, *aryk toi*, *tasattyk*.

Кіріспе

Қазақ та басқа халық өкілдері секілді алдымен табиғат жағдайына бағынды, әрбір халықта шаруашылық жүргізудің өзіндік ерекшеліктерімен қатар, әдіс тәсілдері бар. Қазақ халқында егіншілікке, жер өңдеуге байланысты әдет-ғұрыптар мен жора-жосындар, аңыз – әпсаналар халықпен бірге ғасырлар бойы жасап, ел арасында сақталып қалған. Егіншілікке байланысты наным-сенімдер мен ғұрыптардың тамыры көне дәстүрлермен сабақтасып жатады. Егіншіліктің желеп-жебеушісі және егіншілердің тұңғыш үйретушісі болып мифтік кейіпкер — қасиетті Дикан бабаға табынғандығы айтылады. Ел ішінен жиналған этнографиялық материалдарда жер шаруашылығын ұйымдастыру, суландыру жүйесі құрылысын жүргізуді қалай ұйымдастырды; егіншілікке, ауыл шаруашылығына байланысты термин сөздерге басты назар аударылды; мұрағат материалдарында қажетті дүниелер аз кездесті, сондықтан ел арасынан терең зерттеуге тура келді.

Талқылау

Дж.Х.Кармышеваның “Земледельческая обрядность у казахов” [1] және Б.Ә. Алтаевтың “Оңтүстік қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары” [2] атты еңбектерінде Қазақ халқында егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптар мен жора-жосындар келтірілсе, егіншілікке байланысты дайындық қалай жасалу керектігі және оны жүргізудің әдіс-тәсілдері мен бағыт-бағдары жөнінде 1082–1083 жылдар ішінде, яғни орта ғасырларда жазылған «Қабуснама» [3] еңбегінің мағызы зор. Т. Қоңыратбаев «Ертедегі ескерткіштер» [4] еңбегінде аңыз әпсаналар келтірілсе, Н.Н. Дингельштедт «Опыт изучения ирригации Туркестанского края» [5] атты еңбегінде Сарқырама арығының тарихы туралы жазады. П. Комаров «О нуждах ирригации и обычаях» [6] еңбегінде жаңадан қазылған арыққа немесе арнаға су жіберілген кездегі ғұрыптар туралы деректер келтірген. К.Г.Шаймерденова Қазақтардың диқаншылдық кәсібінде кездесетін түрлі рәсім-кәде, салт-жоралғылар туралы жазса [7], ал А. Тоқтабай, Ж. Сейітқұловалар “Төрт түліктің қасиеті (қазақтың мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптары” атты еңбекте [8] ауа райын төрт түліктің іс әрекетіне байланысты қазақтардың болжауы туралы жазды. Б.Ш. Абылқасымов “Жауын шақыруға” [9] байланысты жазса, ал А.А. Диваев “Призыв ветра” [10] жел шақыруға байланысты ырымдар туралы мәліметтер келтірді.

Деректері және әдістері

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында, Өзбекстан Республикасының мемлекеттік мұрағатында және сонымен қатар Ташкенттегі Әлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапхананың қолжазбалар мен сирек кітаптар қорында құнды тарихи құжаттар сақталған, әсіресе «Туркестанский сборник» жинағының орны ерекше. Қызылорда қаласындағы, Қызылорда облыстық Мемлекеттік мұрағатындағы қорлармен жұмыс істепбұрын ғылыми айналымға тартылмаған тың құжаттар, материалдар пайдаланылды.

Басты деректік негізін автордың тақырыпқа сай ел арасынан жинаған этнографиялық материалдар құрайды. Автор қазақ халқында егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптар мен жоражосындар, аңыз - эпсаналарға байланысты қызықты, этнографиялық деректер, халықтық тәжірибені сипаттап көрсететін материалдар жинақталды. Сонымен бірге, егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптар мен ырымдар бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай келе жатыр. Жұмысты жазуда объективтілік, тарихилық, жүйелілік және салысырмалы талдау принциптері басшылыққа алынды.

Нәтижесі

Жер өңдеуге байланысты ырымдар мен нанымдар өздігінен күрделі тақырып, ол тереңінен және дербес зерттеуді қажет етеді. Көне мифтік аңыздардың бірінде атам заманда адам енді адам болып келе жатқанда Аспан ата мен Жер ана «жан бергенге дән беріп», жан біткенді жарылқап, Диқан баба жыл сайын жаңбыр орнына аппақ ұн жаудырып отырғаны баяндалады. Мұндай молшылықты көтере алмай, мейманасы тасыған адамдар «Диқан баба, биылда көп бер, қиқандама» деп кепиет сөздер айтыпты. Көл-көсір астықты аяқасты етіп қорлапты. Бұл оспадарлыққа өкпелеп, шамданған Диқан баба үш жыл ұдайы теріс қарайды. Кейін адамдар Диқан бабаның аяғына жығылып, кешірім сұрайды.

Егіншілікке байланысты наным-сенімдер мен ғұрыптардың тамыры көне дәстүрлерге кетеді. Егіншіліктің желеп-жебеушісі және егіншілердің тұңғыш үйретушісі болып мифтік кейіпкер — қасиетті Диқан бабаға табынды. Диқан баба — байлық пен табыс сыйлаушы, қайырымды және мейірімді адамдардың, еңбекқор жандардың қорғаушысы, пірі болып саналады. Қазақтарда - Диқан баба мен Қыдырды бір деп санайды.

Ал Оңтүстік Қазақстан қазақтарының арасында Қыдырдың орны бөлек. Халық Қыдыр – әр түрлі жақсылық сыйлайды, ол байлық, бақыт әкелуші, шөлден сақтаушы, жол көрсетуші деп есептейді. Қазақтардың айтуынша, Қыдыр таңертең отардың алдында, кешке соңында жүреді. Сондықтан жолаушы отарға кездескенде, таңертең отарды алдынан орайды, кешке соңынан жүреді. Қыдыр көзіне түскен адамға бақыт қондырады дейді халық. Қазіргі кезде де Оңтүстік Қазақстанда Қыдыр пайғамбар пайда болған жерде көк шығып, өсімдік өнеді, мал көбейеді, қырман толады деп санайды. Ал, Қыдырмен кездесіп, қол алып амандасқан адамда денсаулық пен байлық, жақсылық пен молшылық мол болады деп қуанады қазақтар. Бақытты адам туралы “Қыдыр дарыған”, яғни Қыдырдың шапағаты түскен дейді. Қыдыр жолаушыларды қолдайды. Сондықтан қазақтар: “Жортқанда жолың болып, Қыдыр қолдасын”, – деп тілек тілейді. Қыдыр – диқандар қамқоршысы. Диқандар егін егуді “Қыдыр жолдасымыз болсын”, “Қыдыр қолдасын”, – деп бастайды (Кармышева, 1986:49). Ақпарат берушілер бұлардың кім екенін, қандай қызмет атқарғандығын кеңінен түсіндіріп бере алмады. Әдетте олар былай дейді: “...Қыдыр әулие негізінен әр адамға әртүрлі тұлғада көрінуі мүмкін, мысалы есекке мінген ақ сақалды шал немесе зор тұлғалы басына ақ сәлде ораған үлкен қарт, кейде жас бала болуы да мүмкін. Егер диқан оны өзінің егістік алқабында көрсе немесе ол жай ғана назарын аударса сол жылы егін мол болып,

астықтың астында қалады деп есептеген...» (АӨЖМ).

Диқан жерге дән сепкен кезде: “бисмілла, бұл менің қолым емес, Диқан бабаның қолы” деп себетін болған. Егіншілер Диқан бабаны өзінің пірі санайды. Диқан баба ең алғаш егін еккен, ол егіннен көп өнім алған қолы берекелі адам болған екен. Сыр бойының егінші қазақтарының тағы бір пірі “Қыдыр әулие”, “Қызыр баба” болды. Аңыз бойынша, Диқан баба жұмақтан бидайдың бір дәнін алып шығып, қазақтарға егіншілік кәсібін үйреткен дейді. Қазақ диқандары жұмысқа кірісерде “Диқан бабаның аруағы қолдай көр” деп іс бастайды (АӨЖМ).

Қазақы ортада егін егу барысында қарызға дән сұраса, дәнді адам емес, қара жер тілеп жатыр деген сеніммен, қиналмастан сұрағанын толық береді. Тіпті, түк жоқ деген күнде де бір уыс дән ұстатады. “Егін әлей болсын!», «Егер көбейсін!» деп тілек айтып, қарыз сұраушыны жылы шыраймен шығарып салады. Бұл үйден дән арылмасын, дән тасып, елдің қажетіне жарап, ырысы молайсын деген ниетті білдіргені.

Барлық жерлерде жер жыртуға алқаптан қар кеткеннен кейін кірісетін болған. Жер жыртудың басталатын күнін ақсақалдар алдын-ала өзара кеңесіп барып айтатын болған. Ол аптаның сәрсенбі сәтті күндерінің бірі болуға тиіс болған. Кейбір жерлерде жер жырту науқанын өздерінің «метеоролог-астроном» — есепшілері белгілеген күннен бастаған. Жер жыртуға шығар алдында, ауылдың құрметті ақсақалдарының бірінің үйінде қазанда қос көже қайнатып, қазанымен ауылдың сыртына дөңестеу жерге алып шығып, ақсақалдарды шақыратын болған. Ас желініп болғаннан кейін қожайыны ертең жер жыртуды бастайтынын хабарлаған. Әдетте ауылдың адамдары (егіншілері) жер жыртуға бір күнде кіріскен. Диқан бабаға арнап қос көже пісіріп, ауыл болып жаппай дәм татысқан. Көжені ішіп болып, Диқан бабаның аруағына бағыштап Құраннан сүре оқып және «Диқан баба қолдай гөр!» деп жалбарынып, сыйынған.

Құдай бере берсін,
 Диқан баба келе берсін,- деп бата берген.
 Тұқым себуге кіріскенде:
 Бісміллеһир-рахман ар-рахим,
 Я, Диқан баба, құрт-құмырсқа,
 Жан-жануарлардан қалғанның менікі,
 Я, құдая, ауадан жаудыр, жерден өндір,
 Бала-шағаның ризығын жеткер,- деп жалбарынған.

Алғаш дән егу кезінде «менің қолым емес, Диқан бабаның қолы» деп жасалатын ырым негізінде де жер бетіне шығар өнімнің иесі бар деген көне- наным сенімдердің көрінісі жатыр.

Жоғарыда айтылған ырымдар мен тыйымдар көбінесе дәл келіп жатады. Дәнді дақылдар көшпелілер өмірінде маңызды рөл атқарды. Дәстүрлі ортада дән, астық, оның қасиеті көптеген аңыз-эпсаналарға негіз болған. Бағзы заманда ауа райы жылы, аспаннан аппақ ұн жауатын тоқшылық заман болыпты, адамдар молшылықта өмір сүріпті. Сол заманда бір кесір әйелдің көргенсіз баласы үлкен дәреттен соң жууға ерініп, жердегі аппақ ұнмен құйрығын тазалаған екен. Жаратушы ие қаһарланып, аспаннан ұн орнына ақ қар жауғызыпты. Күн райы лезде өзгеріп, қарлы бұрқасын соғыпты. Астық кепиеті атқан адамдар аштықтан қырылып, үсіп өле бастайды, сол кезде ит Жаратқанға жалбарынып, несібе сұрайды. Алла тағала оған бір тал «бидайдың» масағын береді. Иттің несібесі арқасында адамдар алғашқы дәнге ие болыпты, содан бастап оны егіп, ырыздық ететін болған екен.

Күріш дақылын егумен айналысатын Сыр бойында мынадай аңыз бар: «Адам ата мен Хауа ана Ібілістің азғыруымен Жаратушының әмірін орындамайды. Жаратушы оларға ешнәрсе берместен жұмақтан аластауды ұйғарады. Қаншама жалынып-жалбарынғанымен Жаратушы райынан қайтпайды. Адам ата амалы таусылып, өзімен бірге Жер бетіне қимас заттарынан бір нәрсені ала кетуді ойлайды. Сөйтіп, башпайының арасына күріштің дәнін қыстырып ала түсіпті.

Күрішті Тәңірі дақылы деп қабылдау осы кезеңнен басталыпты». Әдетте, көктемде күрішті егерде егіннің бітік болуы, құрғақшылық болмауы үшін алаң басында құрбандық шалынады. Күрішті алғаш суарардан бұрын да су келетін жолға қолмен не арнайы ыдыспен су шашылады.

Күрішті өсірушілер арасында осы дақылды тыныштықты сүйеді, адамның көңіл-күйі дақылдың өсіп-өнуіне әсер етеді деген түсінік қалыптасқан. Күріш көңілді жүріп, ән айтқанды, өзімен сөйлескенді ұнатады деген деректер де кездеседі.

Күрішке жіберілетін су атыздардан қазған кезде де арық қазушылардың құралдарын (күрек, кетпен) шаршаған жағдайда тоқтатпастан келесі адамға беруі, оның да өз кезегінде жұмыс біткенінше басқа қолға өткізуі шарт. Осы әрекет арқылы су жолында болатын сырт кедергілерден сақтану ырымын байқаймыз. Жұмыс біткенше құралды тастамау (дем алмау) - осы күштерге қарсы тұруға арналған тыйым. Ол бұзылса, судың келмей қалу қаупі күшейеді де ысырап болады (АӨЖМ).

Өгізбен жер жыртпас бұрын оның мүйізі мен мойнына сары май жақты, бұл дәстүр әсіресе Перовскі уезінде кең тараған. Ақпарат берушілер мұның себебі өгіздің мүйізі жарылып, сынбауын және қамыт мойнының қажап тастамауы үшін жасалғанын айтады.

Диқаншылық кәсіпшілігінде орындалатын әдет-ғұрыптар әдетте жан-жануарлармен қатысты болып келеді, өйткені мал түлігін құрбандық немесе жұмыс көлігі ретінде пайдаланылды. Осыдан келіп, ежелгі дәуірде жан-жануарға ерекше қасиет таңып, оған сыйыну жоралғысын дүниеге әкелген. Егіншілік жұмыстарында көп пайдаланылатын мал түлігінің бірі – өгіз. Өгіз – тіршілік пен егіншіліктің төтемі (иесі). Алғаш жер жырттар алдында оны ерекше күтімге алып, жем-суымен толық қамтамасыз етіп, мүйізін майлайтын. Бұл егін түсімінің мол болуына магиялық әдіспен ықпал ету шарты болса керек (Алтаев, 1994:109)

Жалпы сонау өте ерте кезден бастап адамзат баласы егіншілікке зор көңіл бөлген. Көктемгі егіншілікке зор дайындық жасап, еңбек құралдарымен қоса күш-көліктерін дайындаған. Егіншілікке байланысты дайындық қалай жасалу керектігі және оны жүргізудің әдіс-тәсілдері мен бағыт-бағдары жөнінде 1082–1083 жылдар ішінде, яғни орта ғасырларда жазылған «Қабуснама» еңбегінің мағызы зор (Қабуснама, 1992:109).

Онда диқаншылық туралы былай дейді: «... Ей, перзентім, егер диқан болсаң, басқа диқандардан білімді болғын. Және әрбір дақылды еккенінде уағынан өткізбей еккен. Уақытынан он күн бұрын еккенің екі күн кейін еккеніңнен әлдеқайда жақсы өнеді. Өгізің жұп болсын, барлық әбзел-сайманыңды мұқият дайындағын. Күшті, іске қайым үйренген өгіздерді сатып алғын. Ақырына жем-шөпті жеткілікті етіп салғын. Өгізің семіздікте жұрттыкінен әлдеқайда қонды болсын. Егер бір өгізің іске жарамай қалса, жедел басқа бір өгіз сатып ал. Егістің уақытын өткізіп алмау үшін әрекет істе. Егін егу немесе ору маусымынан басқа кезде жерді сүдігірлеп айдау ісімен шұғылданғын. Ендігі жылдың қамын ойланып, болашақ өнімнің негізін осы жылда қалау керек. Егінді құнарлы жерге еккің. Егер жерің құнарсыз болса, оның пайдасы да шамалы болады, көп жағдайда пайда бермейді. Әрдайым жерді қадірлей білсең, диқаншылық өнерінен зиян таппайсың ...».

Жер жырттып жатқан егінші жанынан өткенде жүргінші: «Бір дәнің мың болсын» деп тілек айтса, қырман қасына өткенде: «Қырман тасысын, обынан ассын» деп тілек білдіруі қажет болған.

Оңтүстік аймақты мекендеген қазақтарда егін жайқалып шыға бастаған кезде егістік алқабын ортасына “қарақшы” (“қарақшыны” – екі ағашты бір-біріне айқастыра байлап, ескі киімді үстіне кигізіп адам қалпына келтіріп қояды) орнатып басына малдың бас сүйегін кигізіп қояды, бұл егінді тіл-көзден сақтайды деп есептеген. Жайқалып тұрған егінге тез көз тиеді деп, сондықтан мұндай қарақшыларды бір емес, бірнеше жерден, егіннің төрт бұрышы мен дәл ортасына да қоятын болған. Қарақшыдан басқа жайқалып тұрған егінге тіл-көзден сақтаушы ретінде “қасиеті бар аталарының (ақпарат берушілердің сөзімен айтатын болсақ “аруақты

бабаларымыз” – деп атайды – Ә.А.)” заттарын да пайдаланған. Осыған мысал ретінде ақпарат беруші Төрайым Жақыпқызының мына әңгімесін келтірейік “... Менің әкем Жақып “әрі ұста, әрі керемет диқан” болған. ХХ ғасырдың басында ол кісілердің күн көрісі ұсталығынан түскен азын-аулақ тиын-тебені болғандықтан, қауын-қарбызы піскен соң темір жол бойына шығарып сатып қосымша аздаған ақша жасаған. Әкемнің еккен егіні жайқалып өсіп, тұра қалатын. 1920–1930 жылдардың шамасында болуы керек, бір күні жайқалып тұрған бау-бақшасы шетінен қурап өле бастайды, не істерін білмей әбден сасады. Содан шешем “бабамыздың” аса таяғын мен тақиясын сандық түбінен алып береді, әкем құран оқып, оларды бақшаның ортасына іліп қояды, содан бастап қурап өлуі тоқтайды. Бабамыз деп отырғаным әкемнің әкесі Сақ оның әкесі Досмырза (шамамен ХІХ ғасырдың ортасында өмір сүрген) – қасиетті адам болған, ауырған адамдарды құран оқып емдеген, болатын жағдайды алдын-ала айтып отыратын көріпкелдігі, көзін көргендердің айтуымен ел арасында “сиқырлау” қасиетінің де күшті болғанын айтады. Кезінде баласы жоқ әйелдер басына түнеп, зиярат етіп Алла-Тағаладан бала сұрайды екен” (АӨЖМ).

Перовскі уезінің шығысындағы диқандар көбірек асқабақ еккен. Асқабақ егудің өзіндік себебі болды: диқандар “Қыдыр-әулие егіс даласын аралайтын болса, оның назары асқабаққа түседі, ал әулиенің көзі, ықыласы түскен егіс даласының өнімі сол жылы мол болады ” – деп жорамалдаған екен (АӨЖМ).

Ақпарат берушілердің және осы Сыр елінде дүниеге келген филолог, ғалым Тынысбек Қоңыратбаевтың “Ертедегі ескерткіштер: Сыр бойының ежелгі тарихы мен мәдениеті” (Қоңыратбаев, 1996: 120-121бб) атты зерттеу еңбегінде “Оқшы ата” туралы ел арасындағы аңыз бар екенін айтады.

Сырдария өзенінің дәл жағасында, қазіргі Шиелі ауданының территориясында “Оқшы әулиенің” кесенесі бар. Жергілікті халық “...ол кісі жасында диқан болған, азан шақырып қойған аты Көгентүп екен...” – дейді.

“Ертеде жаугершілік заманда бір жетім бала қайыр сұрап жүреді екен. Оны бір кемпір мен шал бала қылып асырап алып, өздерінің жалғыз қызына аға тұтып асырапты. Бұл қазақ жерін қалмақтың Тоқбура ханы билеп тұрған заман екен. Оның Қызылтам атты ордасы болыпты. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда ол күні кешеге дейін сақталып келген деседі.

Тоқбура елдегі жас қыздардың тізімін жасатып, күніне жасы он беске толған бір қызды қойнына басып отырған. Оның соғымын да қыздың әкесі беруге тиіс болған.

Жетім бала шал-кемпірдің қолында өсе береді. Оны ел Көгентүп атап кетеді. Бір күні ол ел аралап, ұзақ сапарға шықпақ болады. Бірақ әкесі оған наразылық білдіріп, қарындасын жуық арада он беске толады, соны қалмақ қолынан алып қалудың жолын ойластыр дейді. Бала алған бетінен қайтпайды. Қарнақ шаһарына барып, қысқы азығын жинауға кіріседі. Жолға шығып бара жатып әкесіне:

– Егер қалмақтың ханы қарындасыма кісі жұмсаса, менің атымды атап үш рет айқайла, мен есітемін де жылдам жетемін, – дейді.

Көгентүп арпа орып жатқанда оның қарындасы он беске толады. Ізінше Тоқбураның жендеттері келіп, бір қой мен қызды алып кетеді. Қапаланған әкесі бар даусымен “Көгентүп” деп айқайлайды. Оның дауысын Қарнақтағы Көгентүп есітіп, бір уыс арпаны жұлып алып:

“ Я, құдайдың мылтығы ұрсын,

Тоқбура қалмақты арпаның қылтығы ұрсын, – үф-үф-үф” деп уысындағы қылтықтарды үрлеген екен деседі.

Еліне келсе Тоқбура қалмақ өлген екен. Ел іші қуанышты. Ауылдың бес-алты әулиесі Тоқбура қалмақты мен өлтірдім деп өзара таласуда екен. Көгентүп оларға болған жайды баяндап береді.

Ақыры ел жиналып өлікті сойып көреді. Байқаса Тоқбураның жүрегіне бір уыс арпаның қылтықтары барып қадалған екен. Мұны көрген халық Көгентүпке бас иеді. Өзге әуелер жерге қарайды.

Содан бері ол Көгентүпті Оқшы-Ата атап, оны әулие санаған. Дүниеден өткенде қастерлеп жерлеген, басына әсем белгі қойған. Мазар басындағы жазуға қарағанда шын аты – Ибраһим шайхы. Көгентүп – лақап аты. Оқшы Ата – ел қойған атауы. Шамамен XVI ғ. өмір сүрген деп көрсетілген”. Бұл кезең қазақ пен қалмақ жауласқан уақыт болуы керек. Бірақ кесенедіе XI ғ. ескерткіші деген жазу бар, соған қарап мен бұл кезең Оғзы заманы болу керек деген тұжырымға келдім, бірақ жергілікті халық жоңғар шапқыншылығымен байланыстырады екен. Қазіргі кезде еліміздің түкпір-түкпірінен, жан-жақтан адамдар келіп, ол кісінің кесенесіне барып “Диқан әулие”, “Киелі адам” деп тәубе етеді.

Жергілікті диқандар көктемде егіс жұмысын бастар алдында сол жерге барып мал сойып, құрбандық шалып, құран оқытады. Диқан әулиеден егіс жұмыстары сәтті болып, мол өнімді ырысты-берекелі жыл болуын сұрайды (АӨЖМ).

Ал астық пісіп, егінді жинайтын науқанда қазақ халқы “қоян қашты” ырымын жасаған. Бұл “қоян қашты” ырымы – ақ егісті жинаған кезде жасалынатын еді. Астықты алқапқа жылдам әрі орақшы (орақшы деп – жылдам әрі сапалы, бір масақ қалдырмай астық оратын адамды айтады – Ә.А.) жігіт бірінші болып түсіп тез-тез астық орып, қалған орақшылардан 10–15 метр алдында жүретін болған. Ол қалған орақшыларды жігерлендіріп, астықты тез орып бітіру үшін “*қоян қашты*” тездетіп соны қуып жетейік деп алға қарай жылдам жылжып отырған, қалғандары оның соңынан еретін болған. Осылай астықты жауын-шашын, суыққа қалдырмай, төкпей-шашпай жинап алатын. “Қоян қашты” ырымын жасайтын кезде “асарлататын” кездер де болған. Жағдайы бар егіншілер мал сойған, жоқтары сүт көже кейде балық асатын яғни барын беретін еді (АӨЖМ).

Әсіресе Қыдыр атаны қадыр тұту қырмандағы жұмыс кезінде қатты өрістеген. Қырман – өте қадірлі орын саналды, оған әйел жұрты жақындатылмаған, қасына от жағуға, су әкелуге тыйым салынатын. От өрт шығаруы мүмкін, өйткені қырманда және оның айналасында жанатын нәрселер көп болады, ал егер су әкелінсе егіншілердің наным бойынша астық судай ағып кетуі мүмкін, қырманға келер алдында дәрет алынып, намаз оқылатын еді.

Астық шөп-шаламнан тазартылғаннан кейін оны қырманның ортасына үйетін. Содан соң қырманның қожайындары қырман той жасайды – қой, ешкі кейде жағдайына қарай сиыр сояды. Ақпарат берушілердің айтуынша, қырман тойға арнап тек айыр тұяқты мал сойылуы тиіс болды, сондықтан ат пен түйені соймайтын еді. Ет пісіріп, ауылдың құрметті адамдарын шақыратын, егер ауылда молда, қажы бар болса соларды да шақырады. Молда Құран оқиды, ол және ақсақалдар қожайынға баталарын береді. Малдың терісін молда алып кетеді, ал егер ол болмаған жағдайда, сол ауылдағы жесірге беретін болған.

Бауыздалған малдың қанын күректің ішкі жағына жағып, астыққа бүркітін болған. Күректі астыққа ішкі жағын батысқа қаратып құбыла жақтан салатын. Диқандардың наным-сенімі, дәстүрі бойынша қырманда темірден жасалған еңбек-құралды пайдалануға тіптен жақындатуға болмайтын (АӨЖМ). Себебі бұл тыйым салу ерте заманнан қалдық дәстүр, егіншілік пайда болғанда диқандар жерді өңдеуде, астық жинап бастыруда тек ағаштан жасалған құралдарды пайдаланғаннан болуы керек.

Қонақтар тарағаннан кейін тазаланған астықты бір жерге үйетін болған, оны “*қызыл*” деп те атаған. Бұл атаудың шығуының негізі өте ертеде жатыр, өйткені астық дақылдарының атасы болып есептелетін тарының түсі қызыл болғандықтан болуы керек, ал қызыл деп түйіліп тазаланған бидай, арпа және күрішті атаған.

Қожайын үйілген астыққа келіп, төбесін аздап тегістейтін де, дүниенің төрт жағына сай етіп айқастыра сызық сызады. Содан кейін “*баулау*” ырымы жасалады. Ол үшін қожайын үйіндінің

қақ ортасынан оны айнала күрекпен сызық сызады. Содан соң “құдай несібесі” немесе “құдай сыбағасы” деген ырымы “аққұла” жасалады. Бұл ертеде егін егетін елдің бұлжымас дәстүрі болған екен. Қазір мүлде ұмытылған. Бұрын әр егінші өзіне қажетті дәннiн сеуiп болғаннан кейiн әдейi қалдырылған жерге тағы да бөлек дән себетiн болған. “Аққұла” өсiп, жиналғаннан кейiн жетiм-жесiрлерге, қайыршыларға және дiн жолындағы адамдарға үлестiрiлген. Бұл елдiк дәстүрден қазақ халқының әр шаруашылық иелерi тек өзiнiң ғана емес, жағдайы төмен кедей-кепшiктер де ұмытпағанын, зор адамгершiлiк мiндеттер атқарғанын көруге болады. Ол үшiн қожайын үйiндiнi айнала жүрiп күрекпен немесе елекпен бiрнеше жерден астықты алады да, оны қырманның жиегiне шашады. Перовск уезiнiң шығысында “аққұла” ырымын жасар алдында қырманның шетiне саздың дөңгелек кесегiн, кейде асқабақты орнатады, оны “қыдыр кесек” деп атайды, аққұла алдымен соның алдына салынады (бұл оның - “сыбағасы”), сөйтiп қожайын қыдыр кесектен жақсылықпен қырмандағы астықтың көбеюiн сұрап – “қырман тасысын” – дейдi.

Аққұла ырымы жасалып болған соң барлығы қырманды тастап кетедi, бұл “қырман түнету” деп аталады, яғни астық түнеп шығуы тиiс. Егiншiнiң нанымы бойынша осы кезде қырманға Қыдыр ата келедi, сол кезде “қырман тасиды”, яғни астық бiрнеше есе көбейедi деп есептеген.

Таң алдында, әлi жарық көтерiлмей тұрып астықты қаптарға құя бастайды. Бұл жұмыс ушусыз жасалады, адамдар үндемеуге тырысады. Ең үлкенi тiзерлей отырып елекпен кейде ыдыспен астықты қапқа салады. Астықты шығыс бетiнен бастап алады да үлкен кiсi астықты қапқа салған кезде “бисмiлла” дейдi, бiрақ кейбiреулерi астықты бiрiншi салғаннан кейiн “бiр береке” екiншiден кейiн “екi береке”... деп салады. Бұдан соң астықты бөлу басталады. Алдын ала әр он қаптың бiреуiн молдаға бередi – “ұшыр немесе хараж” дiни салығын төледi (АӨЖМ).

XIX ғасырдағы зерттеушiлер жазып қалдырған мәлiметтерде астық түсiмiнен алынатын өнiмнен төмендегiдей салық төлейтiндiктерi көрсетiлген: Мұсылманның жазбаша заңы бойынша “харадж” егiннiң түсiмiнiң 1/10 бөлiгiне салық салынған...” (Комаров, 1876: 164).

“*Кеусен*” деп аталатын ырым да қызықты. Айтушылардың сөзiнен бiздiң түсiнгенiмiз кеусендi, негiзiнен, малшылар яғни егiн екпегендер сұраған. Диқанның кеусендi беру де, бермеуi де мүмкiн едi, бiрақ, әдетте, одан көбiнесе бас тарта алмайтын, бас тартса қоғамның айыптауына iлiнетiн болған. Кеусен ырымы малшылықтың дербес шаруашылыққа айналмаған кезiнде пайда болуы да мүмкiн, ол кезде адамдардың жартысы мал бағып қалғаны егiн еккен, сөйтiп кеусен малшының үлесi болған, ал мүмкiн бұл көшпелiлердiң отырықшыларға салатын салығы болуы да мүмкiн.

Бiрақ көбiне диқандар малшылар жайлаудан көшiп келгендерiнде олардың кеусендi сұрауынсыз-ақ өздерi “ақ егiс те”, “көк егiс те” көптiң несiбесi деп беретiн болған. Малшылар да кеусендi алып қарап отырмаған, олар да қарынға салған май, кептiрген құрт-iрiмшiк, қысты күнi соғымнан сыбаға берiп отыратын болған. Тiптен, бұл ырым XX ғасырдың 1970–1980 жылдарына дейiн сақталған. Бұрынғы совхоздар мен колхоздардың малын баққан малшылар жайлаудан, күзде Сырдың бойына түскенде диқандар кеусен берген, қойшылар бiр бағылан қозысын немесе ешкiсiн, iрi қара бағатындары қыста соғымнан сыбаға беретiн едi. (АӨЖМ).

“*Ат дорба*” ырымы да болған, бұл қырманға әлдебiреу атпен келген кезде оның қабына, ат жемдейтiн дорбасына сиятындай астық салып берген.

Астықты қырманнан алып кеткеннен кейiн, әдетте жетiм-жесiрлер, мүгедектер қырманды сыпыратын, сөйтiп қалған-құтқан астықты “қырман түптi” алған (АӨЖМ).

Жаңадан қазылған арыққа немесе арнаға су жiберiлген кезде “*арық той*” жасалған. Қойды немесе сиырды құрбандыққа шалып, оның қанын арыққа ағызған, содан кейiн су жiбергендiгi жөнiнде орыс зерттеушiсi П.О. Комаров былай деп жазады: “Суармалы арықты тазалағаннан кейiн қоғамның барлық мүшелерi су жiберместен бұрын, қошқар немесе сиырды бауыздап бата

жасап, оның қанын арыққа ағызып дұға жасаған. Содан кейін мал етін асып тамақ жасап барлық қоғам мүшелері бірігіп тамақтанды, ал терілері мирабқа ұсынылады... » (Комаров, 1876: 164). Сыр бойы қазақтарының арасында бағзы замандарда жаңа арыққа су жіберген кезде адамды құрбандыққа шалғаны туралы аңызда сақталған. 1969–1971 жылдары Қызылорда облысында этнографиялық зерттеу жүргізген Қ. Биржанов, бізге, осы кезге дейін Қызылорда қаласына су беріп тұрған “Сарқырама” арығының атына байланысты ел арасында мынадай аңыздың сақталғанын айтады: “... арықты қазып болған кезде, бас бөгетті ашқан, алайда өзендегі су деңгейі жоғары болғанымен су жүрмей қойған, сол кезде мұрап жиналған халыққа былай дейді: “...Сіздердің араларыңызда Тоғанбай есімді адам барма, ол өзін ортақ іс үшін құрбан ете ала ма...?”. Жиналған халықтан жас жігіт шығып, өзінің атының Тоғанбай екенін, өзін халқы үшін құрбан ететінін айтады. Ол өз тамағын орып жіберген кезде қаны арыққа шашырайды, сол кезде су да сарқырай құлайды, сондықтан арықты халық “Сарқырама” атаған...”. Бұл аңыздағы жігіттің Тоғанбай деген аты да құлаққа жатық: “тоған” Сыр бойындағы аудандарда су жиналатын қоймаларды атаған. Жетісуда “тоған” деп бас арықтарды атайды (АӨЖМ).

Н. Дингельштедтің мәліметтері бойынша Сарқырама арығын XVI ғасыр аяғында қарақалпақтар салған (Дингельштедт, 1893: 366).

Ал жергілікті қазақтар өздерінің ата-тектері салғанын айтып, жоғарыдағыдай мысалдар келтіреді.

Сыр бойы қазақтарындағы дәстүрдің бірі – “*өгіз айдар*”. Бұл дәстүр бойынша көктемде егіс жұмыстары басталар кезде бүкіл ауыл диқандары малдары мен ауылшаруашылығына пайдаланатын еңбек-құралдарын ортаға жинап топтастыратын болған (АӨЖМ).

Сабантой – бұл халықтық мереке. Күзде диқандар егіндерін жинап алғаннан кейін, күз айында тойланды. Қазақтар күзді молшылық пен береке мезгілі деп, сонымен бірге диқандарға мейірімін төккен Диқан бабаға алғыстарын білдірген. Бұл той тек егіншілердің ғана емес малшылардың да мерекесі. Сабантойдың бұлай аталуын ақпарат берушілер әртүрлі түсіндіреді: біреулер “сабан” яғни соқаның атымен байланыстырса, екіншілері бидайдың, арпаның, сұлының, күріштің дәні ажыратылған сабағын “сабаны” дейді, сонымен, ал кейбіреулер “сабан” – “молшылық” “көптікті” білдіуімен байланыстырады. Бұл еңбек мерекесі Қызылорда обылысында қазіргі уақытта да үлкен жетістікпен, табиғат сыйына деген зор құрметпен аталып өтеді. Осы мерекеде диқандар мен бақташылардың жетістіктерін бағалап сыйлықтармен марапаттайды, мерекелік шаралар, бәйге, көкпар, түрлі спорттық ойындар ұйымдастырылып өткізіледі (АӨЖМ). Бұл шаралардың кейінгі ұрпақ үшін маңызы зор деп есептеймін.

Шаймерденова К.Г. “Қазақтардың диқаншылдық кәсібінде кездесетін түрлі рәсім-кәде, салт-жоралғылар”, (Шаймерденова, 2001: – 191–201) атты ғылыми жинаққа енген мақаласында диқаншылдық кәсібінде кездесетін түрлі ырымдар мен салт-дәстүр, жоралғылар жөнінде әсіресе аспан жұлдыздарына қарап диқандардың науқан жұмыстарын жүргізетінін баяндайды. Мысалыға: диқаншылық кәсібі Қамбар жұлдызымен де байланысты. Бұл жұлдыз күз айларында туып, көктем айында батады. Қамбар жұлдызы көкте аймен бес рет кездеседі. Алғашқы кездесуі қазан айында болады. Осы уақытта “Сабантой” өтеді. Күн бұл айда мизамда болады да, жаз кезегін күзге береді. Қазақ егіншілері осы мизам айын “қазан” деп атайды. Бұл кезде ағаш жапырақтары түсіп, өсімдіктер уақытша тіршілігін тоқтатады. Пісіп үлгермеген егін қырау түсіп, үсіп кетеді. Осындай кезде егінді “қазан ұрды” дейді. Қазақ жырларында айтылатын “жер иесі Қамбар-ау, жол иесі Қамбар-ау, қарағыма көз сал-ау” деген сөздер Қамбар жұлдызының кәріне ілікпей, мейіріміне ие болсын дегенінен туған болар.

Егін, шөп пісіп, мал семіретін кез – Сүмбіле жұлдыз туған шағы. Сүмбіленің тұсында бидай үсіп кетуі мүмкін. Халық арасында “Сүмбіле туса су мұздайды, таразы туса таң мұздайды” деген

нақыл осыдан шыққан болуы керек. Ал Үркер жұлдызының тууын астықтың пісуімен байланыстырады.

Халық болжамында әрбір жыл мүшелерінің өзіндік сипаттамасы бар. Мысалы, халықтың болжамынша, мешін жылының жазы жаңбырлы, күзі құрғақ болады, көктемде күн күркіреп жаңбыр мол жауады, жемісі көп болады, егін бітік өседі. Қоян жылдарында күн қатты ысып, құрғақшылық болады екен. Сонымен қатар Сыр қазақтары тауық жылын да жақсы атамайды. Ал берекелі жыл деп мешінмен қатар қой, жылқы, тышқан жылын атаған. Тышқан жылын дән көп молшылық жылы десе, қой, жылқы жылдарын шаруаға қолайлы, жайлы деп есептеген (АӨЖМ).

Диқандар мен малшылар жаңа айдың тууына қарап та ауа райының шаруаға қолайлы қолайсыздығын болжай білген. Егер де жаңа ай туғанда тігінен тұрса, шаруаға жайлы деп есептеген, ал шалқасынан туса сол ай суық шаруаға қолайсыз болып қиындықтар әкеледі деп есептеген: “...Жаңа ай – жарылқа, ескі ай – есірке” – деп тілек тілейтін болған.

Әдетте егін оруды сәрсенбі “*Сәтті күні*” мен бейсенбі күні бастауға тырысқан. Қазақтар “бұл күні басталған істің әруақытта сәтті түседі” деп есептеген. Ауқаттырақ диқандар астық бастыруға кіріспес бұрын түсімнің мол және біркелкі болуын тілеп құрбандыққа аша тұяқты мал сойып оның қанымен қырданды және түрлі еңбек-құралдарды қандаған.

Қазалы өңірін мекендеген диқандар “қандау” ырымын екі түрлі жағдайда жасағандарын айтады: бірінші – егін бітік болғанда, көз тиеді деп жасаса, екіншісі – шегірткеден қорғану үшін, “Алладан тілек тілеген”, тілектерін қабыл етсе олар ұшып кететін болған, кейде қабыл болмаған жағдайда олар егінді жалмап жеп тып-типыл етіп кететін болғандығын айтады (АӨЖМ).

“Сәтті күнмен” қатар “сәтсіз күндер” де болады деп есептеген. Солардың бірі Сыр бойын мекендеген Кіші жүзге кіретін таз, сарғасқа рулары сейсенбі күнді “сәтсіз күн” деп бұл күнде ешқандай ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізбеген. Бұл әлі күнге дейін сақталып келе жатқан ырым (АӨЖМ).

Диқандар төрт түліктің мінез-қылығын бақылай отырып та ауа райын болжап отырған. Бұл жөнінде Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж. “Қазақтың төрт түлікке байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері” атты ғылыми еңбектерінде жан-жақты дәлелдеп көрсеткен. Мысалыға: жылқы бір жылдық ауа райын, қой жарты жылдық, түйе екі-үш айлық, сиыр екі-үш күндік ауа райын сезе алады екен. Жаздың күні жаңбырдың жауатындығын: “түйе түлігін сауып жатқанда, оғаш қылығынан, мысалыға шөксе немесе денесін тітіркендіріп иімей тұрып алса..., ал жылқы малы түнде тым жиі пысқырынып, айғырлар оқырына берсе... т.б” осындай мінез-қылықтарынан білген. Келер жылы қуаңшылықтың болуын қазақ сиырдың өрістен қайтқанда аузында шөп болуынан т.б да білген (Тоқтабай, Сейітқұлова, 2005: 66).

“Су – тіршілік көзі” деп халық бекер айтпаған, ол бүкіл құнарлық пен молшылық негізі. Қазақтар судың қасиетіне өте ерте кезден табынған, оған арнап түрлі діни жоралғылар жасап отырған. Сыр бойының диқандары үшін көктемде жаңбырдың да орны ерекше болды.

Көктемде диқандар дән сепкеннен кейін, көк шөп қаулап шыққаннан соң жаңбыр болмай, егін шықпай, шөптер қурап суды қажет еткен жағдайда, көк тәңірісіне жалбарынып, құрбандық шалып, жаңбыр тілейді.

Жауын шақыру – дүние жүзіне кең таралған магиялық ғұрыптың бірі екендігін (Абылқасымов, 1992:41) “Жауын шақыру” атты мақаласында атап көрсетеді. Ол терімшілік, аңшылық, бақташылық, диқаншылық сияқты кәсіп түрлерімен айналысқан тайпалардың, халықтардың арғы-бергі тарихында көп кездеседі. Қазақтар да өзге жұрттар секілді жауын шақыру ғұрпын өзен-судың бойында өткеретін. Славяндар құдыққа түрлі тағамдарды немесе заттарды тастаса, жауын тез жауады деп білген. Кавказдық әйелдер соқаға жегіліп, өзеннің кеуіп қалған арнасын жыртқан. Құрбандық әдетте өзен-сулы жерде шалынады. Оның себебі, аталған

рәсімнің су иесіне, су тәңірісіне арналатындығынан болса керек. Малдың бауыздау қаны қолма-қол суға ағызылуы – су тәңірісіне жасалған аса ілтипат белгісі.

Құрбандық шалатын күн, жер алдын ала белгіленіп, сол орынға халық жиналып, қол жайып бата сұрайды. Ауылдың сыйлы ақсақалы немесе молдасы бата беріп, Құран сүрелерін оқып, “бисмілла” деп малды бауыздайды тасаттық бергеннен кейін шынымен де селдетіп жаңбыр жауатын болған. Тасаттықтың ең басты мақсаты – құран оқып, жаңбыр тілеу, бұл ғұрып ұжымды (коллективті) түрде орындалады. Тасаттық зират маңында да беріледі. Ол аруақтар культімен де байланысты.

Қазақтардағы жаңбыр шақыру ғұрпы екі түрлі орындалады.

1. Тасаттық беру арқылы (коллективті түрде).
2. Жай тасын қолдану арқылы дара түрде.

Кейбір жылдары жаңбыр болмай құрғақшылық болып, диқан қауымына, малшы қауымға қайғы-қасірет әкелді. Осындай кезде адамдар Алладан жаңбыр тілеп “*тасаттық*” жасады. Тасаттық – араб тілінен аударғанда “құрбандық” деген мағынаны білдіреді. Құрбандыққа тек аша тұяқты малды яғни сиыр мен қойды шалған (АӨЖМ).

Екінші жұрттың арық пен тоған тазарту, су тоқтату шаруаларын атқарып жүріп, құрбандыққа өгізше сойып, қанын жерге тамызбай, бірден суға ағызып жіберетін ырымы болған. Бұл ғұрыптың су иесінің көңілін тауып, мейірімін аудару, рақымын түсіру мақсатында орындалатыны күмән келтірмейді. Құрғақшылық жылдары өзен-сулы жерлерде тасаттық жасап, малды бауыздап, қанын қолма-қол суға ағызуды су тәңірісіне жасалған аса ірі ілтипат белгісі деп ұққан абзал. Су иесі туралы түсінік байырғы кезеңдерде шыққан, ал су иесі - Сүлеймен деу түркі халықтарында ислам кіргеннен кейін қалыптасқан. Бақсы сарындарында ұшырасатын : «Су басында- Сүлеймен, су аяғында - Қорқыт» деген жолдар осындай наныммен ұштасып жатыр.

Қазақ халқының арыстарының бірі (Сейфуллин, 1964: 172) жаңбыр болмай қуаңшылық болған кезде, адамдардың бұлтты шақыруы, жаңбырды тілеуі жөнінде өз шығармаларында былай деп жазады: “... Ертеректе ақ боз жылқының, яки маралдың ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып, арбау шақыруды оқиды. Егерде дем алып оқыса күн жайламайды-мыс, қызыл тастың зорлығы асықтай болады-мыс. Атын “жайтас” дейді. Осы тасты қариялар қолына алып:

Тақ Сүлеймен, Сүлеймен,
 Сенен медет тілеймін!
 Ат басындай ақ бұлт,
 Алла сенен тілеймін.
 Қой басындай көк бұлт,
 Қожам, сенен тілеймін,
 Қоғалы көлдер құрыды,
 Құба жондар шөлдеді.

Қолдан қара жауын бер,... деп тілек тілеген.

Ал орыс зерттеушілерінің бірі И. Кастанье “Из области киргизских верований” атты еңбегінде: “...Шежіреші Әбілғазы түріктердің “яда” немесе “джада” тасының кереметтігі ол жауын жаудырып, күн күркүретіп, найзағай ойнататынын, ал қазақтарда оны “жай тасы” деп атайтынын жазады (Кастанье, 1915:51)

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этнографиясын зерттеген этнограф, зерттеуші А. Диваев “Призыв ветра” деген мақаласында: “... Диқандар қырмандағы астықтарын суырып тазалап алулары үшін “Жалаңаш атаға”(Желдің иесі делінеді – Ә.А.) жалбарынып, тілек айтып жел шақыруын сұрап өтінген:

“...О, Жалаңаш ата,

Шақыр, шақыра гөр желінді,
Қара тұмандай түйілсін
Борандатып желдетсін...” (Диваев, 1892: 201)

Қорытынды

Қорыта келе, қазіргі жахандану заманында ата-бабаларымыздың бізге қалдырған рухани құндылықтарымызды зерттеп – зерделеп жазып қалдырмасак ұмытылып, жоғалып бара жатыр. Тағы бір себебі осы егіншілікке байланысты наным-сенімдер мен ғұрыптарды білетін адамдардың өмірден озып азайып бара жатқандығында.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кармышева Дж.Х. Земледельческая обрядность у казахов // Древние верования и культы народов Средней Азии. – М., 1986. –С. 47–70.
2. Алтаев Б.Ә. Оңтүстік қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары (тарихи-этнографиялық зерттеу): Т.ғ.к. ... диссертация. – Алматы, 1994. – 194 б.
3. Кабуснама (Өзбек тілінен аударған Т. Айнабеков). – Алматы: Балауса, 1992. – 160 б.
4. Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.
5. Дингельштедт Н.Н. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сырдарьинская область. – СПб., 1893. - Т.1. – 513 с.
6. Комаров П. О нуждах ирригации и обычаях // ТС. – СПб., 1876. - Т.152. – С. 164–165.
7. Шаймерденова К.Г. Қазақтардың диқаншылық кәсібінде кездесетін түрлі рәсім-кәде, салт-жоралғылар // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері : өткендегісі және бүгінгі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 191–201-бб.
8. Тоқтабай А, Сейтқұлова Ж, Төрт түліктің қасиеті (қазақтың мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптары). - Алматы, 2005. – 194 б.
9. Абылқасымов Б.Ш. Жауын шақыру // ҚР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 1992. - № 3. – 41–52 бб.
10. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1964. -Т. 6. – 440 б.
11. Кастанье И. Из области киргизских верований // ТС. – Ташкент, 1915. -Т.555. – 591 с.
12. Диваев А.А. Призыв ветра // ТВ. - 1892. - № 41. – С. 201
13. АӨЖМ – автордың өзі жинаған материалдары

REFERENCES

1. Karmysheva J.H. Zemledelcheskaya obryadnost u kazakhov // Drevnie verovaniya i kulty narodov Srednei Azyi. – М.,1986. – С. 47-70.
2. Altaev B.A. Ontustik kazakhtarynyn eginshilikke bailanysty dasturleri men adet-guryptary (tarihi-etnographialyk zertteu): T.G.K. ... dissertatsiya. – Almaty,1994. – 194 b.
3. Kabusnama (Ozbek tilinen audargan T.Ainabekov). – Almaty:Balause,1992.- 160 b.
4. Konyratbayev T. Erteдеgi eskertkishter. – Almaty:Oner,1996. – 272 b.
5. Dingelshedt N.N. Opyt izucheniya irrigatsii Turkestanskogo kraja.Syrdarinskaya oblast. – SPb.,1893. – Т.1. – 513 s.
6. Komarov P. O nuzhdakh irrigatsii i obychayakh // ТС. – SPb., 1876. – Т.152. – С.164-65.
7. Shaimerdenova K.G. Kazakhtardyn dikanshyldyk kasibinde kezdesetin turli rasim-kade,salt-zhoralgylyar // Kazakhtyn adet-guryptary men salt-dasturleri:otkengedisi zhane bugini. – Almaty:Gylym,2001.-191-201-bb.
8. Toktabay A,Seitkulova Zh,Tort tuliktin kasiyeti(kazakhtyn mal sharuashylygyna bailanysty adet-guryptary). – Almaty,2005.-194 b.
9. Abilkasymov B.Sh. Zhaunyn shakyr // KR GA khabarlary.Til,adebiyet seriyasy. – 1992. - №3. – 41-52bb.
10. Seifullin S.Shygarmalar zhinagy.Almaty:Zhazushy,1964.-Т.6. – 440b.
11. Kastane I. Iz oblasti kirgizskih verovanyi // TS. – Tashkent,1915. – Т.555.- 591 s.
12. Divaev A.A.Prizyv vetra // TB. – 1892. - №41. – С.201
13. AOZHM – avtordyn ozi zhinagan materialdary.

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М. Шаншарбек У. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІГУІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	16
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ШУ ӨңІРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТӨРТКҮЛДЕРДІҢ СТРАТИГРАФИЯСЫ (X-XII ғғ.).....	25
Атығаев Н.Ә. ТАҒЫ ДА ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚайТЫС БОЛҒАН УАҚЫТЫ МЕН ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ ТУРАЛЫ.....	41
Ахантаева Ә.Ж. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН ЖОРА-ЖОСЫНДАР, АҢЫЗ- ӘПСАНАЛАР.....	48
Бахтыбаев М.М. Н.Н. ПАНТУСОВТЫҢ ЖЕТІСУ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	60
Билалов С.У., Тәжекеев Ә.Ә., Дәрменов Р.Т. ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ СОРТӨБЕ 1 ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.....	77
Ғалиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН «БІР БЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІР ЖОЛҒА».....	89
Джумагазиева А.Н. ИРАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІРДІҢ РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕЙІНГІ ИСЛАМИЗАЦИЯСЫ.....	103
Жылгелді Ж.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ (Шығыс Қазақстан мысалында).....	115
Жылқышыбаева Қ.Қ. ЕУРОПАДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТАРИХИ БІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....	122
Ибраева А.Ғ., Садықов Т.С., Темірханова Ә.С. АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ХАКІМ АБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА.....	136
Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С. ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН (тарихи-салыстырмалы талдау).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. СКРИПКАШЫ ӘЛІМ АЛМАТ (ҒАЛЫМЖАН ӘБСӘЛАМОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МУЗЫКАНТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	159
Ильясова К.М. МИЛЛИОН ИЕРОГЛИФТАН ТҰРАТЫН МАНУСКРИПТ (проф. Т.З. Қайыркеннің «Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы» колжазбасын зерттеу жобасы негізінде).....	174
Иманалиева Е. XVI ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. ЕМБІ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІ.....	193
Исова Л., Апасатгарова Г. ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР АУҚЫМЫНДАҒЫ.....	199
Кәрібаев Б.Б., Нұрғазина Н.Д. ӨЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде).....	211
Күлдібаев Е.Қ., Саркулова С.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ИСПИДЖАБ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨңІРЕГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР.....	242

Қартабаева Е.Т. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ.....	253
Қойгелдиев М.Қ. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – БІЗ ҮШІН ЕУРОПА ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН ЖАТ ТӨҢКЕРІС.....	265
Мажибаева Ш.О. 1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕТ ЕЛГЕ БОСУЫ.....	273
Мажиқызы Н. ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨҢДЕУ ӨНЕРІ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З. ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	286
Мұхагова О.Х., Садвокасова З.Т. МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС.....	293
Мұхитов Қ. ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ.....	307
Мұхитов Қ.С. МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ.....	318
Надырбеков Н.К. ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ.....	326
Оспанғалиев Қ.Ә. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ БҮКЛІРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТИ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР.....	350
Рахбаев Қ.Қ. ЖЕЛТАУ МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ XX Ғ. БАСЫ).....	363
Садықова А.М. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ...371	371
Сүгірбаева Г.Д., Исабек Б.Қ., Омарбаев Ы.К. ҚАЗАҚ ҚСР БОЙЫНША ШЕТЕЛГЕ БАРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТӘРТІПТЕРІ: ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ.....	379
Сыздықова А.М., Молдакимова А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ: КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М. СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ «ДОСАН БАТЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР.....	395
Толамисов А.Ғ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ "КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРДЫҢ" РӨЛІ.....	417
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. XIX-Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX-Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТАРДЫ ӨҢДЕУ ӨНДІРІСТЕРІ.....	425
Ужженов Е.М., Шотанова Ғ.А. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРЫ (XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. басы).....	437
Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ОҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	452
Шашаев Ә.Қ., Смағұлов Б.Қ., Тылахметова А.С. ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ҚАБІР ҮСТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ.....	460
Шілдебай С.Қ. СЕЙІТҚАЛИ МЕНДЕШЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ.....	472

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М., Шаншарбек У. ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КОНСОЛИДАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ.....	16
Акымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.).....	25
Атыгаев Н.А. ЕЩЕ РАЗ О ВРЕМЕНИ СМЕРТИ И МЕСТЕ ЗАХОРОНЕНИЯ КАСЫМ-ХАНА.....	41
Ахантаева А.Ж. ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ.....	48
Бахтыбаев М.М. ВКЛАД Н.Н. ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИЕ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ.....	60
Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СОРТОБЕ I.....	77
Галиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. ОТ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ К «ПОЯСУ И ПУТИ».....	89
Джумагазиева А.Н. ПОСТРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСЛАМИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ИРАНЕ.....	103
Жылгелді Ж.С. ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В 20-30 ЛЕТ XX ВЕКА.....	115
Жылкышыбаева К.К. ВЗГЛЯДЫ НА ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ УЧЕНЫХ В ЕВРОПЕ: ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ.....	122
Ибраева А.Г., Садыков Т.С., Темирханова А.С. ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА.....	136
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН СКВОЗЬ ВЕКОВ (историко-сравнительный анализ).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. СКРИПАЧ АЛИМ АЛМАТ (ГАЛИМЖАН АБСАЛЯМОВ) И ЕГО СТАНОВЛЕНИЕ КАК МУЗЫКАНТА.....	159
Ильясова К.М. МАНУСКРИПТ СОСТОЯЩИЙ ИЗ МИЛЛИОНА ИЕРОГЛИФОВ (по проектам исследования рукописей «Су Бэйхай. Общая история казахов» проведенных проф. Турсунханом Закенулы Кайыркеном).....	174
Иманалиева Е. ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVI ВЕКЕ.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УРАЛО-ЭМБИНСКОГО НЕФТЯНОГО РАЙОНА И ПЕРВЫЕ НЕФТЕПРОМЫСЛЫ....	193
Исова Л., Апасатарова Г. ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ.....	199
Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА(на основе восточных нарративов и генеалогических мифов казахов).....	211
Кулдибаев Е.К., Саркулова С.Д. ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	242
Картабаева Е.Т. ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ.....	253
Койгелдиев М.К. МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: ИДЕЯ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ ДЛЯ НАС БЫЛА ЧУЖАЯ.....	265
Мажобаева Ш.О. МАССОВОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ ЗА РУБЕЖ В 1928-1933 ГОДЫ.....	273

Мажикзы Н. ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ У КАЗАХОВ КИТАЯ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З. ОРГАНИЗАЦИЯ ИСЛАМСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА.....	286
Мухатова О.Х., Садвокасова З.Т. ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ.....	293
Мухитов К. КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ.....	307
Мухитов К. СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ.....	318
Надырбеков Н.К. САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	326
Оспангалиев К.А. О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М. САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИИ В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ.....	350
Рахбаев К.К. ИСТОРИЯ ЖЕЛТАУСКИХ МЕЧЕТЕЙ (СЕРЕДИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ).....	363
Садыкова А.М. ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ В ПЕРИОД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....	371
Сугирбаева Г.Д., Исабек Б.К., Омарбаев Ы.К. ПОРЯДОК РЕГИСТРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ ВЫЕЗДА ЗА ГРАНИЦУ В КАЗАХСКОЙ ССР: ПЕРИОД ЗАСТОЯ.....	379
Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С. АКТИВНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ ПРИИРТЫШЬЯ 80-Е ГОДЫ XX ВЕКА: КЛАССИФИКАЦИЯ И МЕТОДЫ.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М. ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ В ДАСТАНЕ С.ЖАНГАБЫЛОВА «ДОСАН БАТЫР».....	395
Толамисов А.Г. ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСКИХ ДИАСПОР И РОЛЬ «МАЛЫХ КУРУЛТАЕВ».....	417
Тулбаев Т.А., Абикинова Г.Е. ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ОБРАБОТКА МИНЕРАЛЬНОГО СЫРЬЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX.....	425
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ВНЕШНИЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ (вторая половина XVIII - начало XIX вв.).....	437
Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЛЕМЕНАМИ КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА И ОГУЗАМИ.....	452
Шашаев А. К., Смагулов Б. К., Тылахметова А.С. НАМОГИЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ.....	460
Шилдебай С.К. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СЕЙТКАЛИ МЕНДЕШЕВА.....	472

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Nuskabay P.P., Sabanchieva Zh.M. INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA RESHID PASHA.....	5
Azmukhanova A., Egamberdiyev M., Shansharbek U. PROBLEMS OF STUDYING CONSOLIDATION AND COOPERATION OF TURKIC PEOPLES OF THE LATE XIX - EARLY XX CENTURIES.....	16
Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S. THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.).....	25
Atygayev N.A. ONCE AGAIN ABOUT THE TIME OF DEATH AND THE PLACE OF BURIAL KASYM-KHAN.....	41
Akhantaeva A.Zh. THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDS RELATED TO AGRICULTURE.....	48
Bakhtybaev M.M. N.N. PANTUSOV'S CONTRIBUTION IN THE STUDY OF THE MONUMENT OF THE SEMIRECHYE.....	60
Bilalov S.U., Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T. ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT.....	77
Galiev A.A., Ustemirova A.O., Kydyrgozhy B.M. OF SORTOBE 1 FROM GREAT SILK ROAD TO "ONE BELT ONE ROAD".....	89
Jumagazyeva A.N. POST-REVOLUTIONARY ISLAMIZATION OF POLITICAL LIFE IN IRAN.....	103
Zhylgeldi Zh.S. SOURCES OF HISTORY OF COLLECTIVIZATION IN 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	115
Zhylkyshybayeva K.K. VIEWS ON THE HISTORICAL EDUCATION OF SCIENTISTS IN EUROPE: A HISTORICAL-PHILOSOPHICAL ANALYSIS.....	122
Ibraeva A.G., Sadykov T.S., Temirkhanova A.S. RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV.....	136
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. NORTH KAZAKHSTAN THROUGH THE AGES (historical and comparative analysis).....	147
Ilyassova K.M., Baimanov A.A. VIOLINIST ALIM ALMAT (GALIMZHAN ABSALYAMOV) AND HIS PATH OF BECOMING AS A MUSICIAN.....	159
Ilyassova K.M. A MANUSCRIPT CONSISTING OF MILLION HIEROGLYPHICS (on manuscript research projects «Su Beihai. The general history of the Kazakhs» conducted by Prof. Tursunkhan Zakenuly Kayirken).....	174
Imanalieva E. GOALS AND FEATURES OF KAZAKH KHANATE'S FOREIGN POLITICAL RELATIONS IN THE XVI CENTURY.....	187
Ismailov S. S., Yerisheva A.A. HISTORY OF DEVELOPMENT OF THE URAL-EMBINSKY OIL REGION AND THE FIRST OIL FIELDS.....	193
Isova L., Apsattarova G. RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES.....	199
Karibayev B.B., Nurtazina N.D. HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and genealogical myths of Kazakhs).....	211
Kuldybaev E., Sarkulova S. THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S.....	232
Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S. SISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES.....	242
Kartabayeva E.T. SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM.....	253
Koigeldiyev M. MAGZHAN ZHUMABAYEV: THE IDEA OF THE OCTOBER REVOLUTION WAS FOREIGN TO US.....	265

Mazhibayeva Sh.O.	
MASS MIGRATION OF KAZAKHS ABROAD IN 1928-1933.....	273
Mazhikyzy N.	
LEATHER TREATMENT ART AT THE CHINESE KAZAKHS.....	279
Makasheva K.N., Shalkeyeva Z.	
ORGANIZATION OF ISLAMIC COOPERATION AND THE EUROPEAN UNION: MAIN AREAS OF COOPERATION.....	286
Mukhatova O., Sadvokasova Z.T.	
THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU.....	293
Mukhitov K.	
KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE.....	307
Mukhitov K.	
CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY.....	318
Nadyrbekov N.K.	
SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN.....	326
Ospangaliev K.A.	
ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION.....	340
Razdykov S.Z., Zainov A.M.	
SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES.....	350
Rakhbayev K.K.	
HISTORY OF ZHELTAU MOSQUES (MID-XIX-EARLY XX CENTURIES).....	363
Sadykova A.M.	
POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN RELATION TO RELIGION DURING WORLD WAR II.....	371
Sugirbayeva G.D., Issabek B.K., Omarbayev Y.K.	
REGISTRATION SYSTEM PROCEDURE FOR DOCUMENTING TRAVEL ABROAD IN THE KAZAKH SSR: PERIOD OF STAGNATION.....	379
Syzdykova A., Moldakimova A.	
ACTIVITY OF ECOLOGICAL MOVEMENTS OF PRIYRTISHIYA IN THE 80s OF THE XX CENTURY: CLASSIFICATION AND METHODS.....	388
Taiman S.T., Sugurbay M.	
HISTORICAL SOURCES IN THE EPIC POEM OF S.ZHANGABYLOV «DOSAN BATYR».....	395
Tolamissova A.G.	
INTEGRATION OF THE KAZAKH DIASPORES AND THE ROLE OF «SMALL KURULTAIS».....	417
Tulebaev T.A., Abikenova G.E.	
PRODUCTION OF BUILDING MATERIALS AND PROCESSING OF MINERAL RAW MATERIALS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN IN THE SECONDHALF OF THE 19TH - EARLY 20TH CENTURIES.....	425
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.	
EXTERNAL FACTORS OF THE POLITICAL CRISIS IN THE KAZAKH STEPPES (second half of the 18-th - the beginning of the 19-th centuries).....	437
Habizhanova G.B., Almagambetova A.M.	
SOME ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE TRIBES OF KARAKHANID STATE AND THE OGHUZES.....	452
Shashaev A., Smagulov B., Tylakhmetova A.	
GRAVE CONSTRUCTIONS OF GENEALOGICAL GROUPS OF KAZAKHS IN KAZAKHSTAN AND RUSSIA.....	460
Shildebay S.	
PUBLIC, POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF SEYTKALI MENDESHEV.....	472

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 1(21)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй